

# ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

## Философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы

### «Миссионерлік әдістері» пәні бойынша дәріс тезистері

#### Дәріс 11. Қазіргі Қазақстандағы православие шіркеуі

Дәрістің мақсаты – Православие шіркеуінің қазіргі миссионерлік қызметінің ерекшеліктерін зерттеу.

#### Дәрістің негізгі мәселелері:

1. Қазақстан Республикасындағы Орыс Православие Шіркеуінің Митрополиттік округ құрылымы;
2. Қазақ жеріндегі інжіл-лютеран шіркеуінің қызметі;
3. Миссионерлік әдіс-тәсілдер формасы.

Еліміздегі православие қауымының басым көпшілігі орыстар, сербтер, гректер, армяндар және т.б. этностардан құралған. Қазақстан территориясында Орыс православие шіркеуінен басқа, 1 Армян апостолдық шіркеуі, 1 шетелдегі Православие шіркеуі және 4 ескі ғұрыпшылар шіркеуі бар. Тәуелсіздік алған жылдардан бастау алған православие шіркеуінің қайта жаңғыруы көптеген культтық ғимараттардың салынуына ықпал етті. Мәселен, 2011 жылдың 1 қаңтарындағы ресми деректер бойынша, Қазақстанда 303 православие қауымдастығы, тіркеуден өткен 9 монастырь, 269 шіркеу және өзге де культтік ғимараттар қызмет етеді. Мемлекет аймақтарында православие қауымына тиесілі культтік ғимараттар қайтарылып, қазіргі кезде барлық діни ғимараттарға жаңарту, қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. 1995 ж. мемлекет православ шіркеуі қарамағына Алматы қаласындағы XX ғ. сәулет туындысы болып табылатын Вознесендік кафедралды соборын берді. Сонымен қатар, Алматыда Христос Спаситель храмы, Павлодарда Благовещенский собор, Екібастұзда Серафимо-Иверский собор, Талдықорғанда Иоанно-Богословский собор, Қостанайда Константино-Еленинский храм, Сәтпаевта Свято-Никольский храм және өзге де храмдар еліміздің аумағында салына бастады.

Православиенің 7 қаңтарда өткізілетін Рождество мерекесі Қазақстандағы ресми мейрам деп танылды. Орыс православие шіркеуі өз қызметі барысында қайырымдылық шараларымен айналысады. Қорлардың ішінде Ресей қоғамдық бірлестіктері және оқу орындарымен бірлескен «Светоч» қоры және «Қайырымдылық» атты Алматы мен Астана епархиясы қарамағында қызметін жүзеге асыратын ерікті православиелік ұйымдар маңызды жұмыстар атқарып жатыр. Олар қарттар үйі, жетімдер үйі, госпитальдар мен ауруханаларға көмек көрсетеді.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы «Діни қызмет және діни бірлестіктер» заңында «мемлекеттің діннен бөлінгендігі» және «ханафиттік ислам мен православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуындағы тарихи рөлін танитыны» жөнінде айтылады. Аталған екі діни сенім дәстүрлі діндер деп аталады. Сондай-ақ, еліміздің аумағында «дәстүрлі» немесе «ұлттық» болып есептелетін діни сенімдер бар. Олар христиандықтың католицизм бағыты, протестанттық Інжілдік лютеран шіркеуі және тағы басқалар. посткеңестік Орта Азия мемлекеттерінде дінді белгілі бір этносқа тән деп қарау үрдісі қалыптасқан деп айтуға болады. Мәселен, орыстар православтар, қазақтар мұсылмандар, немістер лютерандар, поляктар католиктер деген түсінік. Сондықтан біз тақырып аясында жаңа діни ұйымдардың миссионерлігін қарастырмас бұрын, аталған екі діни сенімдердің миссионерлік қызметіне шолу жасауды жөн көрдік.

Инжілдік лютеран шіркеуіне келер болсақ, шіркеудің негізі XVI ғасырда қаланған. Инжілдік лютеран шіркеуі еліміздің аумағында тек өткен ғасырда ғана пайда болғаны және Кеңес билігі кезінде қоныс аударғандар арқылы келгені белгілі. Қазақ жеріндегі алғашқы лютеран қауымы 1957 Ақмолада тіркелді. Ал, 1991 жылы лютеран қауымының саны 223-ке жетті. Алайда, немістердің тарихи отандарына көшуі нәтижесінде, қауымдар саны азайды. Бүгінгі таңда, еліміздің аумағында Инжілдік лютеран шіркеуінің 14 бірлестігі тіркелген. Олар Алматы, Ақмола, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Қарағанды облыстарында, ал орталығы Астана қаласында орналасқан.

#### **Бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Қазақстандағы православтық шіркеуінің миссионерлік қызметіне талдау;
2. Қазақстан Республикасындағы миссионерлердің сандық-сапалық құрамына және миссионерлік әдістеріне сипаттама.

#### **Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Рысбекова Ш.С., Курманалиева А.Д., Мейрбаев Б.Б. Христианство в Казахстане: история и современность. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. –132 с.
2. Ефимов, А.Б. Очерки по истории миссионерства Русской Православной Церкви. – М.: Изд-во ПСТГУ, 2007. – 688 с.
3. Концепция миссионерской деятельности русской православной церкви // <http://www.patriarchia.ru/db/text/220922.html>.
4. О современной внешней миссии Русской Православной Церкви. Документ принят на заседании Священного Синода Русской Православной Церкви. – 2013. – № 80. // <http://www.pravoslavie.ru/62847.html>
5. Қазақстан Республикасындағы митрополиттік аймақ ресми сайты // <https://mitropolia.kz/ru/eparh.html>.